«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТІРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Петропавл к., Жамбыл к., 241
тел/факс:(7152) 42-53-52
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

г.Петропавловск,ул.Жамбыла,241
тел/факс:(7152) 42-53-52
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

«30» 05. 2018 ж. № 07-09/1104

«ОрдаСапаҚұрылыс» ЖШС
Қызылорда қаласы, ШҰҒЫЛА ШАҒЫН АУДАНЫ, 6а

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* Сіздің 2018ж.22.05. № 14681 өтінішіңізге Департамент «Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* өткізген, «көшені жарықтандыруға ағымдағы жөндеу» конкурс тәсілімен (№ 2478281-1, № 16683912-ОК1 лот бойынша) мемлекеттік сатып алуға камералық бақылау жүргізгенін хабарлап отыр.

Камералық бақылау қорытындысы бойынша Сіздің өтініште көрсеткен дәлелдеріңіз жартылай раталғаны белгіленді.

Әлеуетті өнім беруші «СК АНИ» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативін жіберу негізділігін тексеру мынаны белгіледі.

№ 434 Заңның 9-б. 1-т. 4) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: *«тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы»;*

№5 қосымшаның 3-тармағына сәйкес конкурстық құжаттаманың электрондық нысанына *«Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттарда көзделген, растау құжаттарының электрондық көшірмесін қоса бере отырып, жұмысты орындау үшін қажетті материалдар ресурстарының болуы туралы мәлімет көрсетеді».*

Сонымен қатар, 5-қосымшаның ескертпесіндегі 1-т. сәйкес *«Құрылыс-монтаждау жұмысына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы жөндеу бойынша жұмысты мемлекеттік сатып алуға қатысқан әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген материалдар мен еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады».*

Осыдан әлеуетті өнім беруші «СК АНИ» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативінде ***<u>құрылыс-монтаждау жұмысына тиісті рұқсаты (лицензиясы) жоқ</u>*** екенін атап өту керек.

Осылайша, техникалық спецификаға сәйкес техника талап етіледі: ***5 тоннаға дейінгі бортты автомобиль 1 дана.*** Алайда Әлеуетті өнім беруші «СК АНИ» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативінің біліктілігі туралы мәліметте көрсетілген техника Ұйымдастырушының техникалық спецификасында көрсетілген техникалық сипаттамаға сәйкес келмейді, атап айтқанда, әлеуетті өнім беруші біліктілік туралы өтінімдегі мәліметте 2018ж.20.04. алдын ала жалдау шарты бойынша Т.Т.Сукиасяннан жалға алынған ***ЗИЛ 130 (өзі түсіретін)*** көрсетілген, сондай-ақ автокөлік құралының техникалық паспорты қоса берілген, онда қорап түрі ***(өзі түсіретін)*** деп көрсетілген, алайда Ұйымдастырушының техникалық спицификасына сәйкес ***бортты автомобиль*** талап етіледі.

Сонымен қатар, техникалық спецификаға сәйкес мына техника талап етіледі: ***Техникалық жабдықтауды монтаждау жұмысы кезінде автомобиль доңғалақты кран, 10 дана саны 1 бірлік,*** біліктілік туралы мәліметте әлеуетті өнім беруші 2018ж. 20.04. алдын ала жалдау шарты бойынша «Титан-Север» ЖШС жалға алған ***ЗИЛ 133Гя базасындағы КС-3575 А кранын*** көрсеткен, сондай-ақ автокөлік құралының паспорты қоса берілген, онда осы автокөлік ***кран*** болып табылады деп көрсетілген.

Баяндалғандар негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015ж.11.12. № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-т. 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «СК АНИ» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативі жіберілмейді *«Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер, ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы»;*

Әлеуетті өнім беруші «BEAR Инжиниринг» ЖШС жіберу негізділігін тексеру әлеуетті өнім беруші біліктілік туралы мәліметте құрылыс-монтаждау жұмысына III санаттағы 2017ж. 24.02. № 17003397 лицензияны қоса бергені белгіленді, осылайша, 5-қосымшаның ескертпесіндегі 1-т. сәйкес *«<u>Құрылыс-монтаждау жұмысына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар</u> және бар объектілерді ағымдағы жөндеу бойынша жұмысты мемлекеттік сатып алуға қатысқан әлеуетті өнім беруші <u>конкурстық құжаттамада көрсетілген материалдар мен еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады</u>».*

Әлеуетті өнім беруші «ОрдаСапаҚұрылыс» ЖШС жіберу негізділігін тексеру бұзушылықты белгілеген жоқ.

Сонымен қатар, Департамент «BEAR Инжиниринг» ЖШС, «ОрдаСапаҚұрылыс» ЖШС әлеуетті өнім берушілерге шартты жеңілдікті негізсіз қолдану бөлігіндегі бұзушылықты белгіледі.

Департамент Ұйымдастырушы мекенжайына камералық бақылау нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықты жою туралы Хабарлама жолдады.

«Жеке және заңды тұлғалар өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007ж.12.01. № 221 Заңының 12-бабына, 14-бабы 6-тармағына сәйкес Сіз өтініш бойынша қабылданған шешімге жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе бағыныстылығы тәртібіне қарай субъектілерге, сондай-ақ қабылданған шешім туралы мәлім болған сәттен үш айдан кешіктірмей сотқа шағымдануға құқылысыз.

Басшы орынбасары **З.Капарова**

Орын.: Еремеев А.В.
Тел.: 42-51-72